

«UIB КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» ЖШС

Педагогикалық кеңес отырысының

№1 Хаттамасы

Өту мерзімі 28.08.2025ж

Қатысқандар:30

Қатыспағандар:1

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

№	Баяндама тақырыбы	Баяндамашы
1	Қабылдау комиссиясының 2025-2026 оқу жылына талапкерлерді қабылдау бойынша есебі	Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Исмагамбетова М.Т.
2	2025-2026 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру туралы	Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Исмагамбетова М.Т.
3	2025-2026 оқу жылында педагогтерге әдістемелік сүйемелдеу көрсету және "Uib-college.abai" платформасымен таныстыру	Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Сисенбаева А.Ж.
4	Колледжде өндірістік тәжірибені ұйымдастыру және дуалды оқыту жүйесінің жұмыс барысы	Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Тлеуова Ж.С.
5	Өндірістік практикаға шыққан колледж білім алушылары үшін, «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық»	Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Тлеуова Ж.С.
6	2025-2026 оқу жылына арналған “Құндылықтар негізіндегі тәрбие мен білім”	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Турсабекова Н.Д
7	Әртүрлі мәселелер	

Тыңдалды:

Колледж директоры Якенова Қ.Ж. педагогикалық кеңесті ашып, жаңа оқу жылымен колледж ұжымын құттықтап, жұмыстарына табыс, шығармашылық ізденіс тіледі. Колледж директоры 2025-2026 оқу жылына педагогтердің біліктілігін арттыру, тағылымдамадан өту жоспарын жасау туралы баяндады. Әдістемелік көмек көрсету, оқу процесінің сапасын арттыру мақсатында оқытушылардың сабақтарына қатысуы туралы айтты. Сонымен қатар, оқытушылар мен студенттердің қалалық, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға, шығармашылық топтарға, вебинарларға белсене қатысуы міндеттелді.

1. Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Исмагамбетова Майя Туралиевна, қабылдау комиссиясының 2025-2026 оқу жылына талапкерлерді қабылдау бойынша есебін берді. Жалпы оқуға - 375 өтініш түсті, оның ішінде барлығы 206, мемлекеттік тапсырыс бойынша - 150, ақылы негізде - 56 талапкер қабылданды.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша 9 сынып, негізгі орта білім негізінде

- 04130100 – «Менеджмент» (салалары бойынша) біліктілік: «Менеджер»

-100 студент қабылданды, оның ішінде: мемлекеттік тілде – 50 студент, орыс тілінде – 50 студент. Оқу мерзімі: 9 сынып негізінде 2 жыл 10 ай.

- 10130100 «Қонақ үй бизнесі» мамандығының, біліктілік: 4S1013010 «Супервайзер» - 25 студент қабылданды, оның ішінде: мемлекеттік тілде – 25 студент. Оқу мерзімі: 9 сынып негізінде 2 жыл 10 ай.

- 02120100 «Интерьер дизайны», біліктілік: 4S02120103 «Интерьер дизайнеры» - 25 студент қабылданды, оның ішінде: мемлекеттік тілде – 0 студент, орыс тілінде – 25 студент. Оқу мерзімі: 9 сынып негізінде 2 жыл 10 ай.

Ақылы топқа 9 сынып, негізгі орта білім негізінде

- 04130100 – «Менеджмент» (салалары бойынша), біліктілік: 4S04130101 «Менеджер» - 37 студент қабылданды, оның ішінде: мемлекеттік тілде – 0 студент, орыс тілінде – 37 студент. Оқу мерзімі: 9 сынып негізінде 2 жыл 10 ай.

- 02310100 «Аударма ісі (салалары бойынша)», біліктілік: 4S02310101 «Аудармашы» - 11 студент қабылданды, оның ішінде: мемлекеттік тілде – 0 студент, орыс тілінде – 11 студент. Оқу мерзімі: 9 сынып негізінде 2 жыл 10 ай.

Ақылы топқа 11 сынып, жалпы орта білім негізінде

04130100 – «Менеджмент» (салалары бойынша), біліктілік 4S04130101 «Менеджер» - 8 студент қабылданды, оның ішінде: мемлекеттік тілде – 0 студент, орыс тілінде – 8 студент. Оқу мерзімі: 11 сынып негізінде 1 жыл 10 ай.

2. 2025-2026 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру туралы директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Майя Туралиевна өз баяндамасының тақырыбына айрықша тоқтала кетті. Оқу процесін ұйымдастырудағы міндетті педагогикалық құжаттар тізімі мен Педагог мәртебесі туралы ҚР Заңы және педагогикалық этика талаптары жайында сөз қозғалды. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды сақтау қажеттілігі жайында және оқыту сапасын арттыру, сабақты студенттерге қызықты әрі сапалы өткізу мақсатында ТОП-10 заманауи білім беру платформаларын пайдалануға болатындығы жөнінде мысалдар келтіріп, тиімді кеңес берді.

3. Үшінші мәселе бойынша директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Сисенбаева Асем Жанатовна өз баяндамасын таныстырды. Баяндамада 2025-2026 оқу жылында педагогтерге әдістемелік сүйемелдеу көрсету барысында 2024 және 2025 жылдары Талап реестріне бекітілген 04130100 – «Менеджмент» (салалары бойынша) мамандығы бойынша 4S04130101 «Менеджер» біліктілігі, 10130100 «Қонақ үй бизнесі» мамандығының, 4S1013010 «Супервайзер» біліктілігі, 02120100 «Интерьер дизайны», 4S02120103 «Интерьер дизайнеры» біліктілігі, 02310100 «Аударма ісі (салалары бойынша)», 4S02310101 «Аудармашы» біліктілігі мамандықтарының білім беру бағдарламалары бойынша оқу жұмыс жоспары бекітіліп соған сәйкес негізгі орта және жалпы білім беру негізінде, дуалды оқыту жүйесі бойынша Оқу жұмыс бағдарламалары құрастырылып оқу әдістемелік бөлімімен келісіліп бекітуге ұсынылды.

“UIB-colleg.abai.” платформасында оқу үдерісінде қолдану мүмкіндіктері жайында түсіндіріп өтті.

Сонымен қатар Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған міндетті құжаттар тізімі (ҚР БҒМ № 130 бұйрығы, 06.04.2020) оқу сабағының жоспары, оқу жұмыс бағдарламасының мазмұны, оқытудың нәтижелері және бағалау критерийлері, бағалау парағы секілді құжаттармен таныстыра кетті. Асем Жанатовна, педагогтердің аттестаттаудан өту мерзімдері мен құжаттарды тапсыру тәртібі жайында да нақты түсіндірді. Және де инновациялық технологиялар мен интербелсенді

платформаларды (Wordwall, Quizlet, Kahoot, Padlet, BookWidgets т.б) қолдану арқылы оқу сапасын арттыру жолдары көрсетілді.

4. Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Тлеуова Жанар Сапарбековна, колледждегі өндірістік тәжірибені ұйымдастыру және дуалды оқыту жүйесінің барысы жөнінде өз баяндамасын алға тартты. Ондағы мәселелер: Колледжде өндірістік тәжірибе және дуалды оқыту жүйесінің жұмыс барысы, студенттердің саны, дуалды оқыту жүйесі бойынша 2024-2025 оқу жылында дуалды оқыту бойынша 10130100 «Қонақ үй бизнесі» мамандығының, 4S1013010 «Супервайзер» біліктілігінде -50 студент, 2025-2026 10130100 «Қонақ үй бизнесі» мамандығының, 4S1013010 «Супервайзер» біліктілігінде -71, 02120100 «Интерьер дизайны», 4S02120103 «Интерьер дизайнеры» біліктілігінде -25 студент бар.

«МУНАЙ – INTEGRATION» ЖШС және «Миланна - Арт» ЖШС-мен үш жақты келісім шарт жасалып қараша айынан бастап 46 студент тәжірибеге жіберіледі.

Сонымен қатар, нормативтік құқықтық актілер: ҚР оқу ағарту министрлігінің №50, №93 №107 бұйрықтарында көрсетілген өндірістік тәжірибелердің, дуалды оқыту жүйесін енгізу жоспарлары, әлеуметтік серіктестер қатысуы мен қажетті құжаттар: жолдама, күнделік, келісім-шарттар жайында айтылды.

5. Тлеуова Жанар Сапарбековнаның келесі баяндамасы бойынша Өндірістік практикаға шыққан колледж білім алушылары үшін, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық. Өндірістік практика – білім алушылардың кәсіби дағдыларын қалыптастыратын маңызды кезеңдердің бірі. Осыған байланысты колледж студенттерінің тәжірибеден өту нұсқаулығы дайындалып, бекітуге ұсынылды.

Өндірістік тәжірибиеге жіберілген білім алушылар белгіленген талаптарға сәйкес қажетті құжаттарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Олар практикаға жолдама, екіжақты келісімшарт және практика күнделігі арқылы ғана жұмыс орнына жіберіледі. Практика басталар алдында білім алушыларға қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқамалар өткізіліп, олардың білім деңгейі ауызша сұрау немесе тестілеу арқылы тексеріледі. Барлық нұсқамалар арнайы журналдарға тіркеледі.

Қауіпсіздік талаптарын сақтау мақсатында білім алушылар алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерін, өрт болған жағдайда әрекет ету тәртібін және эвакуациялау жолдарын білуі қажет. Сонымен қатар, жұмыс

орнында тәртіп сақтау, ұйымның ішкі ережелерін орындау және еңбек мәдениетін ұстану міндетті болып табылады.

Практика барысында білім алушылардың көпшілігі компьютермен және кеңсе техникасымен жұмыс атқарады. Осыған байланысты жұмыс орындарының дұрыс ұйымдастырылуына, жарықтандырудың талапқа сай болуына, монитордың көзге қолайлы қашықтықта орналасуына және отыратын орынның реттелуіне ерекше көңіл бөлінеді. Көздің шаршауын болдырмау үшін белгіленген үзілістерді сақтау және қарапайым жаттығулар орындау ұсынылады.

Сондай-ақ білім алушылар практика өтетін орынға барып-келу кезінде жол қозғалысы ережелерін сақтауға, қоғамдық орындарда сақтық шараларын ұстануға міндетті. Қолайсыз ауа райы жағдайларында жеке қауіпсіздікке ерекше назар аудару қажет.

Қорытындылай келе, өндірістік практика кезеңінде қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарын сақтау – білім алушылардың, практика жетекшілерінің және колледж әкімшілігінің ортақ жауапкершілігі. Аталған талаптардың орындалуы білім алушылардың сапалы әрі қауіпсіз тәжірибе алуына мүмкіндік береді. Осы орайда, өндірістік тәжірибеден өтетін колледж студенттеріне еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық жасалды.

Сонымен қатар, түлектердің мансаптық өсуі және жұмысқа орналасуы туралы ереже болу керектігін айтты. Түлектердің мансаптық өсуі және жұмысқа орналасуы туралы ереже – бұл білім беру ұйымында (колледжде немесе университетте) түлектерді жұмысқа орналастыруды, олардың кәсіби дамуын және еңбек нарығындағы мансаптық өсуін қолдауды ұйымдастыру тәртібін айқындайтын ішкі нормативтік құжат.

6. Келесі баяндаманы 2025-2026 оқу жылына арналған “Құндылықтар негізіндегі тәрбие мен білім” тақырыбында директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Турсабекова Назипа Досжановна таныстырды. Баяндама Қазақстан Республикасының Президентінің 2025 жылғы 14 наурыздағы Ұлттық құрылтай отырысында берілген тапсырмалар туралы болды.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының ресми бекітілуі (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №123 бұйрығы, 2025ж.)

- Тәуелсіздік және Отаншылдық

- Бірлік пен ынтымақ
- Әділдік және жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық
- Біртұтас тұлғаны қалыптастыруға бағытталған айлық іс-шаралар: Қыркүйек – Мамыр айлары: әр айға құндылықтарға сәйкес тақырыптық іс-шаралар.
- Буллинг, құқықбұзушылық, қауіпсіздік мәселелерін алдын алу шаралары («Қауіпсіздік сабағы», «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам», «Буллингтен қорған!»).
- Әлеуметтік жобалар, шығармашылық және инновациялық конкурстар : «Қамқор», «SMART BALA», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы»
- Ата-аналарды тарту жұмыстары: кездесулер, пікірталастар, шығармашылық байқаулар, ой қозғау сабақтары және де ата-аналар қоғамдастығы арасында қажетті ақпараттық жұмыстарды уақтылы жүргізу жайында болды. Әр бейсенбі топ сағаттары өткізілу керектігін және ол топ сағаттарының тақырыптары топ жоспарына сәйкес өткізілу керектігін атап өтті.

Жалпы 2025-2026 оқу жылына 23 топ оның ішінде мемлекеттік тілде - 9 топ және орыс тілінде 14 топ бар.

1 курста - 204 студент;

2 курста - 222 студент;

3 курста - 17 студент бар. Сонымен қатар, топ кураторлары таныстырылды.

№	Топ	Топ жетекшілердің аты-жөні
1-курс		
1	МК25-1	Малкаева Шынар Джумагалиевна
2	МК25-2	Турсабекова Назипа Досжановна
3	МР25-1	Кебекбаева Светлана Хамбабаевна
4	МР25-2	Калжанова Асел Дуйсебековна
5	ГБ25-1	Акимжанова Лавра Мадиджановна
6	ДИ25-1	Мамбетова Жансая Абдирашитовна

7	MP25-1К	Рахимова Алина Мұратқызы
8	ПД25-1К+MP25-2К	Тулекова Гулшат Козыбаевна
2-курс		
1	ГБ24-А	Утеген Гулбаршын Утегенқызы
2	ГБ24-Б	Малкаева Шынар Джумагалиевна
3	MP24-1	Ғалымжан Мұхаметали Жанысұлы
4	MP24-2	Ғалымжан Мұхаметали Жанысұлы
5	МК24-1	Андосова Акмарал Рыскулбековна
6	МК24-2	Тулекова Гулшат Козыбаевна
7	МК24-3	Акимжанова Лавра Мадигановна
8	MP24-1К+MP25-1У	Андосова Акмарал Рыскулбековна
9	MP24-2К	Турсабекова Назипа Досжановна
3-курс		
1	MP 24-1У+MP 23-Б	Кебекбаева Светлана Хамбабаевна
2	МК24-1У+МК23-А	Утеген Гулбаршын Утегенқызы

Әртүрлі мәселелерде, оқу бөлімінің меңгерушісі Куатова Анар Нургамзаевна, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытылатын топтардағы вакант орындарға ақылы топта оқитын студенттерден ауыстыру туралы өтініш түскендігін атап өтті және ваканттық орындар туралы ақпарат берді:

- 1) 04130100 – «Менеджмент» (салалары бойынша) мамандығы бойынша 4S04130101 «Менеджер» біліктілігі МК24-2 тобында мемлекеттік тілде оқытылатын бір ваканттық орын бар.
- 2) 04130100 – «Менеджмент» (салалары бойынша) мамандығы бойынша 4S04130101 «Менеджер» біліктілігі MP24-2 тобында орыс тілінде оқытылатын бір ваканттық орын бар.

Бөлім меңгерушісі Утегенқызы Гүлбаршын ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша ауысу туралы өтініштерді, студенттердің аты-жөндері, мамандықтары мен топтары туралы мәлімдеді. Төменде өтініш білдірген студенттер тізімі:

- 1) Нургазина Мадина Шакиржановна күндізгі оқу бөлімінің 04130100 – « Менеджмент » (салалары бойынша) мамандығы бойынша 4S04130101 «Менеджер» біліктілігі MP24-1К тобының білім алушысы ақылы тобында оқиды.
- 2) Сердюк Алиса Андреевна күндізгі оқу бөлімінің 04130100 – «Менеджмент» (салалары бойынша) мамандығы бойынша 4S04130101 «Менеджер» біліктілігі MP24-2К тобының білім алушысы ақылы тобында оқиды.

Бұл студенттер, Нургазина Мадина Шакиржановна, Сердюк Алиса Андреевна осы уақыт ішінде колледждің іс-шараларына үнемі қатысатынын, білім көрсеткіші жоғары деңгейде екендігін, сабақ үлгерімі, сабаққа қатысу көрсеткіші өте жақсы екенін мәлімдеді және барлық растайтын құжаттарды ұсынды.

Әртүрлі мәселелерде, сонымен қатар, директордың орынбасарлары колледждің жаңа оқу жылына арналған бірыңғай жұмыс жоспарын қарастырып, бекітуге ұсынды. Оқу жылына арналған колледжішілік бақылау жоспары жасалып, қарастырылады. Яғни басшының орынбасарлары өз бағыттары бойынша жоспарларын рәсімдейді. Бөлімнің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарастырып, талқылайды. Аталған жұмыстар оқу, тәрбие, әдістемелік және өндірістік тәжірибе бағыттарын қамтиды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Турсабекова студенттермен қоса, колледж оқытушылар арасында колледжішілік, колледжаралық іс-шаралар ұйымдастырылып, оған колледж ұжымының қатысуы қамтамасыз етілуін алға тартты. Сонымен қатар, колледж ұжымы қыркүйек айынан бастап колледж студенттеріне арналған біркелкі форманы бекітті.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Исмагамбетова жаңадан келген оқытушылар мен кадр ішіндегі өзгерістерді таныстырып өтті. 2025-2026 оқу жылындағы контингентті сақтау және оның көлемін ұлғайту бойынша өнімді, нәтижелі жұмыс жасау керек екенін алға тартты. Білім мекемесінде жұмыс жасағандықтан, әрбір педагог ҚР «Білім туралы» заңын, «Педагог мәртебесін», «Педагогикалық әдеп» және Еңбек Кодексін білуі міндеттеледі. Сонымен қатар, 2025-2026 оқу жылындағы оқу процесіне қатысты міндеттерді атап өтті:

- сабақ барысында түрлі әдістерді, инновациялық технологияларды қолдануды барынша жетілдіру;
- оқу жоспарына сай үлгілік құжаттарды уақытылы орындау;
- оқу-есептік құжаттарды уақытылы әрі сапалы орындау.

Сонымен қатар, мұғалімдердің тағылымдамадан өтуі туралы ережесін ұсынды. Мұғалімдердің тағылымдамадан өтуі туралы ереже – бұл білім беру ұйымында педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, практикалық тәжірибесін жетілдіру және заманауи оқыту әдістерін меңгеру мақсатында тағылымдамадан өту тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжат. Осы құжатты таныстырып, бекітуді ұсынды.

Әдістемелік көмек көрсету, оқу процесінің сапасын арттыру мақсатында оқытушылардың сабақтарына қатысуы туралы айтты. Сонымен қатар, оқытушылар мен студенттердің қалалық, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға, шығармашылық топтарға, вебинарларға белсене қатысуы міндеттелді.

Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Тлеуова кәсіби-бағдар беру ережесі туралы айтты. Кәсіби бағыт-бағдар беру ережесі – бұл білім беру ұйымында (мектепте, колледжде) білім алушыларға болашақ мамандығын дұрыс таңдауға көмектесу, олардың қабілеті мен қызығушылығына сәйкес кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру тәртібін анықтайтын ішкі нормативтік құжат. Кәсіби бағыт-бағдар беру ережесін және кәсіби бағыт бағдар беру туралы жоспарын жасап, бекітуді ұсынды.

Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Тлеуова индустриалды кеңес туралы сөз қозғап, кеңес мүшелерін бекітуді, кеңес жоспарын ұсынды.

Оқылған баяндамаларды тыңдай келе, ұжым келесідей ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2025-2026 оқу жылына талапкерлерді қабылдау бойынша есебі қабылдансын және 2025-2026 оқу жылына 9 сынып, негізгі орта білім негізінде 1 курс студенттерінің контингенті, мемлекеттік тапсырыс бойынша

04130100 – «Менеджмент» (салалары бойынша) мамандығының 4S04130101 «Менеджер» біліктілігі бойынша - 100 студент, оның ішінде қазақ тобына - 50 студент, орыс тобына - 50 студент; 10130100 «Қонақ үй бизнесі» мамандығының 4S1013010 «Супервайзер» біліктілігі бойынша қазақ тобына - 25 студент; 02120100 «Интерьер дизайны» мамандығының 4S02120103 «Интерьер дизайнеры» біліктілігі бойынша орыс тобына - 25 студент қабылдансын және бұйрықпен бекітілсін.

Ақылы топқа 9 сынып, негізгі орта білім негізінде 1 курс студенттерінің контингенті 04130100 – «Менеджмент» (салалары бойынша) мамандығының 4S04130101 «Менеджер» біліктілігі бойынша - 37 студент, 02310100 «Аударма ісі (салалары бойынша)», мамандығының 4S02310101 «Аудармашы» біліктілігі бойынша - 11 студент қабылдансын және бұйрықпен бекітілсін.

Ақылы топқа 11 сынып, жалпы орта білім негізінде 1 курс студенттерінің контингенті 04130100 – «Менеджмент» (салалары бойынша) мамандығының 4S04130101 «Менеджер» біліктілігі бойынша - 8 студент қабылдансын және бұйрықпен бекітілсін.

Жауаптылар: директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары және оқу бөлімінің меңгерушісі.

2. Колледж оқытушыларының педагогикалық жүктемелері бекітілсін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылсын.

2025-2026 оқу жылына арналған педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету жалғастырсын. Барлық педагогтердің оқу жұмыс бағдарламалары реестрде бекітілген нұсқаға сай жасалып, мамандық бойынша оқу жұмыс бағдарламаларына сәйкес директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарымен келісіліп, бекітілсін және талап етілген уақыттан кешіктірілмей оқу-әдістемелік бөлімге тапсырылсын.

3. “UIB-Colleg.Abai” платформасы енгізіліп, оқытушыларға қолданысқа енгізілсін.

Педагог қызметінің және жетістіктерінің біліктілік санатының талаптарына сәйкестігін бағалауға қажетті құжаттары 10.10.2025 жылға дейін оқу-әдістемелік бөлімге өткізілсін.

Жауаптылар: директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары және директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары.

4. Колледжде өндірістік тәжірибе және дуалды оқыту жүйесі бойынша студенттерді тәжірибемен қамтамасыз ету жалғастырылсын. Студенттердің тәжірибесін ұйымдастыруға қажетті құжаттар (келісім шарттар, жолдама, күнделік) толтырылып, студенттер толық қамтамасыз етілсін. 2025-2026 оқу жылына арналған барлық нормативтік құжаттар мен жоспарлар бекітіліп, жыл көлемінде жүзеге асырылсын.

Жауаптылар: директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары.

5. Өндірістік практикаға шыққан білім алушылардың қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық бекітілсін және оның талаптары барлық білім алушыларға міндетті түрде таныстырылсын.

Өндірістік практика басталар алдында барлық білім алушыларға қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқамалар толық көлемде өткізілсін, нұсқама нәтижелері белгіленген журналдарға тіркелсін.

Өндірістік практика кезеңінде білім алушылардың қауіпсіздік талаптарын сақтауына тұрақты бақылау ұйымдастырылсын, қауіпсіздік ережелерін бұзу фактілерінің алдын алу шаралары күшейтілсін.

Өндірістік тәжірибеден өтетін колледж студенттеріне еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық бекітілсін.

Түлектердің мансаптық өсуі және жұмысқа орналасуы туралы ереже бекітілсін.

Жауаптылар: директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары.

б. Колледжде оқу-тәрбие үдерісі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілсін. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы колледжде толық жүзеге асырылсын. Тәрбие жұмысы негізгі құндылықтар мен айлық іс-шаралар жүйесі бойынша жүргізіліп, буллинг, құқықбұзушылық және қауіпсіздік мәселелерін алдын алу шаралары тұрақты өткізілсін. Әлеуметтік жобалар мен инновациялық конкурстар арқылы студенттердің шығармашылық және кәсіби қабілеттерін дамыту, бағдарламаның тиімділігін арттыру үшін күнделікті бақылау және қажетті ақпараттық жұмыстар уақтылы жүргізілсін. Топ кураторлары ұсынылған тізім бойынша бекітілсін.

Жауаптылар: директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары және бөлім меңгерушілері.

Әртүрлі мәселелер бойынша:

Бөлім меңгерушісі Утегенқызы Гүлбаршынның ұсынысы негізінде, оқу бөлімінің меңгерушісі Анар Нургамзаевнаның мәлімдемесі бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытылатын топтардағы ваканттық орындарға ақылы топта оқитын студенттердің барлық қажетті құжаттары оқу бөліміне тапсырылсын және бұйрық шығарылсын:

- Нургазина Мадина Шакиржановна күндізгі оқу бөлімінің 04130100 – «Менеджмент» (салалары бойынша) мамандығының 4S04130101 «Менеджер» біліктілігі МР24-1К тобының білім алушысы ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 04130100 – «Менеджмент» (салалары бойынша) мамандығының 4S04130101 «Менеджер» біліктілігі МК24-2 тобына мемлекеттік тілде оқытылатын ваканттық орынға ауыстырылсын;

2) Сердюк Алиса Андреевна күндізгі оқу бөлімінің 04130100 – «Менеджмент» (салалары бойынша) мамандығының 4S04130101 «Менеджер» біліктілігі МР24-2К тобының білім алушысы ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 04130100 – «Менеджмент» (салалары бойынша) мамандығының 4S04130101 «Менеджер» біліктілігі МР24-2 тобына орыс тілінде оқытылатын ваканттық орынға ауыстырылсын.

Жауаптылар: директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары және оқу бөлімінің меңгерушісі.

- Жаңа оқу жылына арналған колледждің жұмыс жоспары;

- Әр бағыттар бойынша: оқу-ісі жұмысының жоспары, тәрбиелік жұмыс жоспары, оқу-әдістемелік жоспар, оқу-өндірістік жоспары, бөлім меңгерушісінің жоспары, оқу бөлімінің жоспары, кітапхана жоспары, педагог-психологтың жоспары, педагогикалық кеңестің жоспары, әдістемелік кеңестің жоспары, құқық бұзушылықтың алу алу жөніндегі кеңестің

жоспары, “Жас сарбаз” әскери-патриоттық клубының жоспары, медициналық пунктін жоспары бекітілсін.

- Оқу жоспарына сай үлгілік құжаттар бекітілсін;
- Индустриалды кеңес мүшелері және жұмыс жоспары бекітілсін;
- Оқытушылардың тағылымдамадан өтуі туралы ережесі бекітілсін;
- Түлектердің мансаптық өсуі және жұмысқа орналасуы туралы ереже бекітілсін;

Кәсіби бағыт-бағдар беру ережесін және кәсіби бағыт бағдар беру туралы жоспар бекітілсін.

Жауаптылар: директордың орынбасарлары

Педагогикалық кеңесте тыңдалған барлық баяндамалар назарға алынып, ұсынылған жоспарлар мен іс-шаралар оқу-тәрбие процесінде жүзеге асырылсын.

Хатшы:

Акимжанова Лавра Мадиджановна_



№	ФИО	Подпись
1	Якенова Куралай Жумабековна	
2	Исмагамбетова Майя Туралиевна	
3	Сисенбаева Асем Жанатовна	
4	Тлеуова Жанар Сапарбековна	
5	Куатова Анар Нургамзаевна	
6	Маханова Нұрсұлу Күнболатқызы	
7	Утеген Гулбаршын Утегенқызы	
8	Тұрсынбай Гүлназ Берікқызы	
9	Рашидова Лейла Анваровна	
10	Аутов Бахтияр Усенович	
11	Акимжанова Лавра Мадигановна	
12	Данилова Мария Сергеевна	
13	Андосова Акмарал Рыскулбековна	
14	Абдукаримова Арайлым Русланқызы	
15	Ғалымжан Мұхаметали Жанысұлы	
16	Досыбаев Марат Толегенович	
17	Тулекова Гульшат Козыбаевна	
18	Исабекова Гулаим Корманбековна	
19	Искаков Талгат Нағашбекович	
20	Кебекбаева Светлана Хамбабаевна	
21	Калжанова Асел Дуйсебековна	
22	Малкаева Шынар Джумагалиевна	
23	Мамбетова Жансая Абдирашитовна	
24	Нарымбет Бегімхан Бөріханұлы	
25	Рахимова Алина Мұратқызы	
26	Сандыбай Санат Өтепбергенұлы	
27	Саулебаев Адилет Талгатович	
28	Серік Ғазиза	
29	Турсабекова Назипа Досжановна	
30	Кулумжанова Томирис Нуржановна	
31	Анаркулов Нурдаулет Аскарулы	